

М.А. Қуанәлі^{1*} , О.С. Сангилбаев¹ , Г.К. Миркенова² , Ж.О. Әубәкір³ ,
Ж.Т. Байкубесова⁴ 

¹Тұран университеті, Алматы қ., Қазақстан

^{2,3}Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан

⁴Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

E-mail: *23242580@turan-edu.kz

Жоо-дағы педагогикалық кикілжіңдерді шешуде дәстүрлі мәдениеттің жанама тәсілдерін қолданудың психологиялық ерекшеліктерін эмпирикалық зерттеу

Аңдатпа

Қазіргі уақытта студенттердің білім беру үрдісінде педагогикалық кикілжіңдерін шешуде дәстүрлі мәдениеттің тәсілдерін қолдануға сұраныстары басым. Атап айтқанда халықтың дана сөздерін, мақал-мәтелдерін, шешендік сөздерін және т.б. практикада және күнделікті өмірде қолдану педагогикалық үдерістің тиімділігін арттырады. Бұл мақала студенттер арасында педагогикалық кикілжіңді дәстүрлі мәдениет тәсілдері арқылы шешудің психологиялық ерекшеліктері мен ықпалын эмпирикалық зерттеу нәтижелерін талдауға арналған. Мақаланың басты мақсаты — ЖОО студенттерінің педагогикалық кикілжіңдерді дәстүрлі мәдениет тәсілдері арқылы шешудің психологиялық ерекшеліктерін теориялық және эмпирикалық тұрғыдан зерттеу. Зерттеуде қолданылған сауалнама нәтижелері білім беру үрдісінде дәстүрлі мәдениеттің рөлін күшейту және педагогикалық практикаға интеграциялау қажеттілігін негіздейтін болады, сонымен қатар оқытушылар мен білім алушылар арасындағы өзара қарым-қатынасты дамытуға арналған жаңа мүмкіндіктер жасайды. Зерттеу барысында теориялық тұрғыдан педагогикалық кикілжің мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттер талданып, оның психологиялық ерекшеліктері айқындалды, концептуалдық моделі құрылды. Сонымен қатар, студенттердің кикілжіңдеріне себеп болатын факторлар мен олардың түрлері анықталды. Сонымен қатар, қазақ халық мәдениетіндегі дәстүрлі «жанама» тәсілдер педагогикалық кикілжіңдерді конструктивті шешу тәсілдері ретінде қарастырылды. Эмпирикалық зерттеу Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің педагогикалық және педагогикалық емес мамандықтары студенттерінің психологиялық ерекшеліктерін салыстыра талдауға арналған. И.П. Хромованың әдістеме негізіндегі авторлық бейімделген сауалнаманың бастапқы нәтижелер көрсеткендей, студенттердің 57,6%-ы оқытушылардың халық даналығы құралдарын «мүлде қолданбайтынын» немесе «сирек» қолданатынын анықтаған. Оқытушылардың көпшілігі «талапшыл стильді» (54,1%) ұстанғанымен, олар қазақ этнопсихологиясындағы «сөзбен тоқтату», «астарлап жеткізу» сияқты медиациялық дағдыларды қолданбайды. Бұл жағдай оқытушылардың этнопсихологиялық құзыреттілігінің төмендігін және дәстүрлі мәдениет тәсілдерін енгізудің қажеттілігін айқындап отыр. Зерттеу нәтижелері студенттердің оқу үрдісіндегі педагогикалық кикілжіңдерді дәстүрлі мәдениеттің «жанама» әдістері арқылы тиімді шешу қажеттілігін, сондай-ақ тұлғааралық қатынастарды реттеу мен үйлесімді орнатудың маңыздылығын көрсетті. Осыған байланысты, университеттерде туындайтын педагогикалық кикілжіңдерді алдын-алу мақсатында «халық даналығы құралдары» (И.П. Хромова бойынша) мен «жанама» тәсілдерді пайдалану тиімді әрі пайдалы шешім болып табылады деген қорытындыға келдік.

Түйін сөздер: ЖОО, педагогикалық кикілжіңдерді шешу, халық даналығы құралдары, дәстүрлі мәдениет тәсілдері, астарлап айту, модель, сауалнама, қарым-қатынас.

М.А. Қуанали^{1*}, О.С. Сангилбаев¹, Г.К. Миркенов², Ж.Б. Аубакир³, Ж.Т. Байкубесова⁴

¹ Университет Туран, г. Алматы, Казахстан

^{2,3} Алматинский Технологический Университет, Г. Алматы, Казахстан

⁴ Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан

e-mail: *23242580@turan-edu.kz

Эмпирическое исследование психологических особенностей использования косвенных подходов традиционной культуры при решении педагогических конфликтов в вузе

Аннотация

В настоящее время в образовательном процессе студентов преобладают запросы на использование «опосредованных способов» традиционной культуры в решении педагогических конфликтов. В частности, использование мудрых слов народа, пословиц, ораторских высказываний и т.д. на практике и в повседневной жизни повышает эффективность педагогического урдіса. Данная статья посвящена анализу результатов эмпирического исследования психологических особенностей и влияния традиционных культурных средств к разрешению педагогических конфликтов среди студентов. Цель статьи - теоретическое и эмпирическое исследование психологических особенностей решения педагогических конфликтов студентами вузов опосредованными способами традиционной культуры. Результаты опроса, использованные в исследовании, обосновывают необходимость усиления роли традиционной культуры в образовательном процессе и интеграции в педагогическую практику, а также создают новые возможности для развития взаимоотношений между преподавателями и обучающимися. В ходе исследования теоретически проанализирована научная литература по проблеме педагогического конфликта, определены его психологические механизмы и особенности, построена концептуальная модель. Кроме того, были выявлены факторы, провоцирующие конфликты студентов, и их виды. Так традиционные «опосредованные» средств в казахской народной культуре рассматривались как способы конструктивного разрешения педагогических конфликтов. Эмпирическое исследование посвящено сравнительному анализу психологических особенностей студентов педагогических и непдагогических специальностей Казахского национального педагогического университета имени Абая. По исходным результатам авторской адаптированной анкеты, разработанной на основе методики И.П. Хромовой, установлено, что 57,6% студентов указали на то, что преподаватели «не используют» или «редко используют» инструменты народной мудрости. Хотя большинство преподавателей придерживаются требовательного стиля (54,1%), они не используют медиационные навыки в казахской этнопсихологии. Данная ситуация обуславливает низкую этнопсихологическую компетентность преподавателей и необходимость внедрения опосредованных способов традиционной культуры в вузе. Результаты исследования показали необходимость эффективного разрешения конфликтов в учебном процессе студентов, регулирования отношений и гармоничного установления межличностных отношений. Поэтому мы пришли к выводу, что использование опосредованных средств народной мудрости и юмора в целях профилактики педагогических конфликтов, встречающихся в университетах, является эффективным и полезным решением.

Ключевые слова: вуз, решение педагогических конфликтов, средства народной мудрости, приемы традиционной культуры, говорить иносказательно, модель, анкета, общение.

M.A. Kuanali^{1*}, O.S. Sangilbaev¹, G.K. Mirkenova², Zh.O. Aubakir³, Zh.T. Baikubesova⁴

¹ *Turan University, Almaty, Kazakhstan*

^{2,3} *Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan*

⁴ *Kazakh National Women's teacher training University, Almaty, Kazakhstan*

E-mail: *23242580@turan-edu.kz

Empirical study of the psychological features of the use of indirect approaches of traditional culture in resolving pedagogical conflicts in universities

Abstract

Currently, the educational process of students is dominated by requests for the use of "indirect methods" of traditional culture in solving pedagogical conflicts. In particular, the use of wise words of the people, proverbs, oratorical sayings, etc. in practice and in everyday life increases the effectiveness of the pedagogical process. This article is devoted to the analysis of the results of an empirical study of psychological characteristics and the influence of traditional cultural means to resolve pedagogical conflicts among students. The main purpose of the article is a theoretical and empirical study of the psychological features of solving pedagogical conflicts by university students using indirect methods of traditional culture. The survey results used in the study substantiate the need to strengthen the role of traditional culture in the educational process and integration into teaching practice, as well as create new opportunities for the development of relationships between teachers and students. In the course of the research, the scientific literature on the problem of pedagogical conflict is theoretically analyzed, its psychological mechanisms and features are identified, and a conceptual model is constructed. In addition, the factors provoking student conflicts and their types were identified. Thus, traditional "indirect" means in Kazakh folk culture were considered as ways of constructive resolution of pedagogical conflicts. The empirical study is devoted to a comparative analysis of the psychological characteristics of students of pedagogical and non-pedagogical specialties of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai. According to the initial results of the author's adapted questionnaire, developed on the basis of I.P. Khromova's methodology, 57.6% of students reported that instructors "do not use at all" or "rarely use" elements of folk wisdom. Although the majority of teachers adhere to a demanding style (54.1%), they do not use mediation skills in Kazakh ethnopsychology. This situation leads to the low ethnopsychological competence of teachers and the need to introduce indirect methods of traditional culture at the university. The results of the study showed the need for students to effectively resolve pedagogical conflicts in the educational process through the "indirect" methods of traditional culture, as well as the importance of regulating and harmonizing interpersonal relationships. In this regard, we came to the conclusion that in order to prevent pedagogical conflicts arising in universities, the use of "folk wisdom tools" and "indirect" methods is an effective and useful solution.

Keywords: university, solving pedagogical conflicts, means of folk wisdom, techniques of traditional culture, speaking figuratively, model, questionnaire, communication.

Кіріспе ЖОО-дағы білім алу үрдісі студенттердің тұлғалық дамуында маңызды рөл атқарады. Халық даналығының құралдары мен дәстүрлі тәсілдер кикілжіндерді конструктивті түрде шешуге септігін тигізеді, бұл, өз кезегінде, студенттер мен оқытушылар арасындағы коммуникативті интегративті қарым-қатынасты нығайтып, оқу атмосферасын жақсартуға ықпал етеді. Осы орайда халықтың даналық рухани мұраларын, мақал-мәтелдерді, шешендік сөздерді және басқа да «жананама» тәсілдерді қолдану маңызды рөл атқарады. Дәстүрлі мәдениет педагогикалық кикілжіндерді шешуде тиімді психологиялық әсер ету құралы ретінде танылып, қарым-қатынас барысында өзара түсіністікті арттыруда пайдаланылуы мүмкін. Халық даналығы мен мәдениеті – тек білім беру құралдары емес, сонымен бірге студенттердің рухани және эмоциялық дамуын қолдауда маңызды факторлар болып табылады. Бұл тәсілдер, студенттердің

өзара қарым-қатынастарын нығайтуға, эмоционалдық күйзелістерін азайтуға және мәселелерге конструктивті шешімдер табуға ықпал етеді.

Зерттеудің мақсаты студенттер арасында педагогикалық кикілжіңдерді дәстүрлі мәдениет тәсілдері арқылы шешудің психологиялық ерекшеліктері мен ықпалына талдау жасау болып табылады. Бұл мақалада сипатталған эмпирикалық зерттеу нәтижелері дәстүрлі мәдениет элементтерін білім беру үрдісінде тиімді қолдануға болатынын көрсетеді.

Педагогикалық кикілжіңдерді шешуде дәстүрлі мәдени тәсілдерді интеграциялау, студенттердің психологиялық әл-ауқатын жақсартуда, оқу үрдісінің тиімділігін арттыруда және жалпы білім беру жүйесін оңтайландыруға мүмкіндіктер тудырады.

Әдебиетке шолу Зерттеу мәселесін талдауда біз И.П. Хромованың халық даналығы құралдарын оқу үрдісінде пайдалану туралы тұжырымдамасын басшылыққа алдық [1]. Хромова өз жұмыстарында халық даналығын педагогикалық мәселелік жағдаяттарды шешудің бірегей жолы ретінде қарастырған. Қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған рухани-мәдени мұралары, атап айтсақ, «астарлар айту», билер сөзі мен шешендік өнері, осы тұрғыдан маңызды рөл атқарады.

Мұқанов, мақал-мәтелдердің тілдік, когнитивтік және мәдени аспектілерін зерттеу арқылы олардың интеллектуалдық іс-әрекетке және білім мен тәжірибе алмасу процесіне әсерін атап өтеді [2, 3].

Сонымен қатар, «жанама тәсілдер» (Ф.С. Ташимова) [4], шығармашылық әлеуеті (С.Қ. Бердібаева) [5, 6] және «этномәдени сәйкестілік» (И.К. Аманова) [7, 8] қалыптастыруға бағытталған факторлар ұлттық кодты оятуда маңызға ие. Демек, халық даналығының мәні мен педагогикалық кикілжіңдерді дәстүрлі мәдениет тәсілдері арқылы шешудің психологиялық ықпалы қазіргі білім беру жүйесінде өзекті болып отыр.

Осыған байланысты, мақаланың негізгі мақсаты — ЖОО студенттерінің дәстүрлі мәдениет тәсілдері арқылы педагогикалық кикілжіңдерді шешудің психологиялық ерекшеліктерін теориялық және эмпирикалық тұрғыдан зерттеу. Зерттеу нәтижелері білім беру үрдісінде дәстүрлі мәдениеттің рөлін арттыру мен педагогикалық практикаларға енгізу қажеттілігін дәлелдеп, оқытушылар мен білім алушылардың өзара әрекетін дамыту бағытындағы жаңа мүмкіндіктерді анықтауға көмектеседі.

ЖОО-дағы педагогикалық кикілжіңдерді зерттеу мәселесі көпқырлы сипатқа ие. Шетелдік психология ғылымында бұл мәселе негізінен коммуникативтік стратегиялар мен эмоционалдық реттеу тұрғысынан қарастырылған. К. Томас пен Р. Килманн еңбектерінде кикілжің кезіндегі мінез-құлықтың динамикалық моделі ұсынылса [9], М.Дойч кикілжіңді тараптардың қажеттіліктері мен ынтымақтастыққа бағытталуы тұрғысынан талдайды [10].

Қазіргі батыстық бағытта Д. Гюлманның эмоционалдық интеллект теориясы ерекше орын алады; ол кикілжіңді басқарудың негізі ретінде тұлғаның өз эмоцияларын тани білу және эмпатия орнату қабілетін көрсетеді [11]. Сонымен қатар, Г. Хофстеденің мәдени өлшемдер теориясы білім беру ортасындағы кикілжіңдердің ұлттық діл мен иерархиялық құрылымға тәуелділігін түсіндіруге мүмкіндік береді [12].

Заманауи түрік психологі D.V. Akbulut монографиялық зерттеуінде жоғары оқу орындарындағы академиктердің конфликттерді басқару ниетіне мәдениет пен контексттің ықпалы қарастырылған. Автор ұйымдардағы кикілжіңдерді тиімді басқару жүйесін құру мен енгізу барысында мәдениет ерекшеліктері мен конфликттің түрлерін ескеру қажеттігін атап өткен [13].

Ресейлік психологиялық мектеп өкілдері педагогикалық кикілжіңдердің құрылымы мен мазмұнына терең талдау жасаған. А.Я. Анцупов, А.И. Шипилов кикілжіңдерді жүйелі-ситуациялық тұрғыдан зерттеген [14].

А.Я. Анцупов өзінің кикілжіңдік іс-әрекет тұжырымдамасында кикілжіңді жүйелі түрде зерттеп, оның құрылымдық-функционалдық моделін жасады [14]. Оның пікірінше, кикілжің кезіндегі мінез-құлық мынадай элементтерден тұрады:

- *Кикілжіңдік жағдаяттарды қабылдау:* Адам қарсыласының ниетін қалай түсінеді? (біздің зерттеуіміздегі «Когнитивті блокқа» сәйкес келеді).

• *Стратегия таңдау:* А.Я. Анцупов кикілжіңдегі мінез-құлықтың 5 негізгі стратегиясын (К. Томас бойынша) қолдайды, бірақ ол «конструктивті келіссөздер» жүргізуге баса назар аударады.

• *Тактикалық әрекеттер:* Бұл — «Конативті блок». Ол жұмсақ (сендіру, өтініш) және қатаң (қысым көрсету, талап ету) тактикаларды бөліп көрсетеді.

А.Я. Анцуповтың моделіндегі «келіссөздер» мен «сендіру» тактикалары билердің шешендік өнерімен тікелей үндеседі. Ол кикілжіңді шешудің ең тиімді жолы — үшінші жақтың (медиатордың) қатысуы деп есептейді, бұл біздің *дәстүрлі мәдениетте қолданылатын тәсілдерді* ғылыми негіздеуге ықпал етеді.

Н.В. Гришинаның тұлғааралық интеракция теориясы негізінде студенттердің конфликтологиялық мәдениетін дамытудың психологиялық-педагогикалық моделі (когнитивті, аффективті, конативті, аксиологиялық блоктар) жасалып, тәжірибеге енгізілді [15].

Н.В. Гришина кикілжіңді тұлғаның өмірлік кеңістігіндегі маңызды оқиға ретінде қарастырған. Ғалымның «Конфликт психологиясы» моделінің ерекшелігі — мінез-құлықты психологиялық «позициялар» тұрғысынан түсіндіреді.

М.М. Рыбакова оқытушы мен студент арасындағы өзара әрекеттестіктің деструктивті формаларын жіктеп көрсетті.

Б.И. Хасан конфликтологиялық құзыреттілікті қалыптастыру арқылы кикілжіңді оқу-тәрбие үдерісінің дамытушы ресурсы ретінде пайдалануды ұсынады [16-18].

Отандық ғылымда педагогикалық кикілжіңдерді шешудің этнопсихологиялық аспектілеріне баса назар аударылған. М.М. Мұқанов дәстүрлі мәдениеттегі «астарлап айту» жүйесіндегі этнопсихологиялық негіздерін зерттеген. Сонымен қатар, М.М. Мұқановтың еңбектерінде фольклордың рефлексивтік функциясы туралы ой айтылады, себебі фольклор халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесі мен құндылықтар жүйесін бойына жинақтайды.

Материалдар мен әдістер. *Зерттеудің мақсаты* – түрлі бағыттағы мамандық студенттерінің педагогикалық кикілжіңді дәстүрлі жанама тәсілдер арқылы шешудің ерекшеліктеріндегі айырмашылықтарды Стюдент t критерийі арқылы бойынша зерттеу.

Зерттеудің пәні: ЖОО студенттерінің педагогикалық кикілжіңді дәстүрлі мәдениет тәсілдерін қолданудың психологиялық ерекшеліктері.

Зерттеу нысанына Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 1-курс студенттері алынды. Зерттелушілердің жалпы саны – 85. Олардың ішінде эмпирикалық зерттеуге педагогикалық мамандықтарынан эксперименттік топ ретінде 37 студент және педагогикалық емес мамандықтың бақылау тобы ретінде 48 студенті алынды.

Зерттеуде мынадай әдістер қолданылды:

1) ғылыми әдебиеттерді теориялық талдау;
2) «Студенттердің хадық даналығы құралдарын қолдануын субъективті бағалау сауалнамасы» (И.П. Хромова әдістемесіне негізделген авторлық бейімделген сауалнама)

3) математикалық-статистикалық әдіс.

Статистикалық болжамдар:

Нөлдік болжамы (H_0): Педагогикалық және педагогикалық емес мамандық студенттері арасында педагогикалық кикілжіңдерді шешуде жанама тәсілдерді қолдану тиімділігі бойынша айырмашылық жоқ.

Жұмыс болжамы (H_1): Педагогикалық және педагогикалық емес мамандық студенттері арасында педагогикалық кикілжіңдерді шешуде жанама тәсілдерді қолдану тиімділігі бойынша айырмашылық бар.

Зерттеу әдістемесі: Студенттердің хадық даналығы құралдарын қолдануын субъективті бағалау сауалнамасы (И.П. Хромова әдістемесіне негізделген авторлық бейімделген сауалнама).

Нәтижелер мен талқылау. Теориялық зерттеу аясында, біз «ЖОО-дағы педагогикалық кикілжіңдерді дәстүрлі мәдениет тәсілдері арқылы шешу» моделін аталмыш ғалымдардың тұжырымдамаларымен байланыстырып құрастырдық. Ол 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – А.Я. Анцупов пен Н.В. Гришина көзқарасы бойынша құрылған педагогикалық кикілжіңдерді дәстүрлі мәдениет тәсілдері арқылы шешу компоненттеріне негізделген модель

Компонент	А.Я. Анцупов пен Н.В. Гришина көзқарасы	«Жанама тәсілдер» моделі
Когнитивті	Кикілжіңді түсіну және талдау	Билердің шешендік даналығымен жағдаятты бағалау
Аффективті	Эмоцияларды бақылау (өзін-өзі реттеу)	«Сабырлық» және «Токтау айту» арқылы эмоцияны тежеу
Конативті	Конструктивті тактикалар мен келіссөздер	«Мәмілеге келу» әрекеттері
Коммуникативті	Қарым-қатынасты сақтау	Топтың ынтымақтастығын сақтау

Зерттеу тақырыбының теориялық моделі әдіснамалық деңгейде Б.Ф. Ломовтың жүйелік тұрғысына негізделді.

Педагогикалық кикілжің тек екі адамның арасындағы емес, жоғары оқу орнындағы қарым-қатынастардың тұтас жүйесі ретінде қарастырылды. Дәстүрлі мәдениет тәсілдері осы жүйені қайта қалпына келтіруші тұрақтандырушы фактор ретінде негізделді.

Мұқановтың пікірінше, дәстүрлі мәдениеттегі жұмбақтар, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер күнделікті санада өзіндік рефлексия формасы ретінде көрінеді, ол қазіргі іс-әрекетте сыни түрде түсіну үрдісі және жаңа әрекетке көшуге негіз болады деп тұжырымдаған.

Осы орайда, дәстүрлі мәдениетте қолданылатын «жанама тәсіл, астарлап айту» және т.б. қазіргі ЖОО-дағы педагогикалық кикілжіңдерді дәстүрлі мәдениет тәсілдері арқылы шешудің психологиялық моделін құрастыру керек болып шешілді. Ол 2-кестеде сипатталған.

Кесте 2 - ЖОО-дағы педагогикалық кикілжіңдерді дәстүрлі мәдениет тәсілдері арқылы шешудің психологиялық моделі (Отандық ғалымдардың тұжырымдамалары негізінде)

Ғалым	Зерттеу моделі және тәсілі	Психологиялық ерекшелік
М. Мұқанов	Когнитивті-логикалық модель: Ұлттық ойлаудың психологиялық ерекшеліктері	Кикілжіңді шешуде студенттердің дәстүрлі логикалық ойлау ерекшелігін анықтау
С. Бердібаева	Этно-әлеуметтік және аитыс психологиясы моделі: Ұлттық кодтар мен этно-мәдени құрылымдар.	Дәстүрлі мәдениеттегі диалог мәдениетін (айтыс, шешендік сөз т.б.) кикілжіңді шешудің психологиялық құралы ретінде қолдану.
Ф. Тәшімова	Мағыналық-рефлексивті модель: Сөздің астарлы мағынасы арқылы тұлғаның ішкі позициясын өзгерту.	Дәстүрлі мәдениет тәсілдерінің (мақал-мәтел, билер сөзі, астарлап айту, жанама тәсіл) студенттің мағыналық саласын трансформациялаудың психологиялық ерекшеліктерін негіздеу.
В.М. Хромова	Рефлексивті-акмеологиялық модель: Педагогикалық кикілжіңді мәселелік жағдаяттарды халық даналығы құралдары арқылы шешу	Педагогикалық және педагогикалық емес мамандықтардағы студенттердің «халық даналығы құралдарын субъективті бағалау сауалнамасын» авторлық бейімделген сауалнамасы негізінде зерттеу

Кестедегі ғалымдардың ұстанымдарын тақырыпқа сәйкес талдайтын болсақ, М.М. Мұқановтың теориялық ұстанымдарына сүйене отырып, бізге кикілжіңді шешудегі «когнитивті» «логикалық қателіктерді» дәстүрлі ойлаудың икемділігі арқылы түзетудің мүмкіндіктерін негіздеуге болады.

Сонымен қатар, С.Қ.Бердібаеваның тұжырымдамасы аясында педагогикалық кикілжің кезіндегі бұзылған «этикалық нормаларды» ұлттық тәрбие мен дәстүрлі құндылықтар негізінде қайта қалпына келтірудің психологиялық маңыздылығын айқындады. Бұл тәсілдер ЖОО-дағы

педагогикалық кикілжіндерді дәстүрлі мәдениет құралдар арқылы шешудің конструктивті моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Біз зерттеуімізде Ф.С. Тәшімованың тұжырымдамасына сүйене отырып, тікелей айыптаудың орнына «астарлап айту», «жанама тәсілдер» арқылы студенттің ішкі рефлексиясына ықпал етудің психологиялық артықшылықтарына баса назар аударамыз.

Зерттеуімізде, И.П. Хромованың әдістемесі негізінде құрылған авторлық сауалнамада 85 респонденттен (ЭТ – 37, БТ – 48) алынған нәтижелері арқылы студенттердің дәстүрлі мәдениетке негізделген кикілжіндерді шешу тәсілдеріне қатысты көзқарастарын, олардың этикалық және психологиялық аспектілерін талданды. Зерттеу барысында алынған эмпирикалық деректер студенттердің дәстүрлі мәдениет құралдарын пайдалануға деген дайындық деңгейін және олардың педагогикалық кикілжіндерді шешудегі тиімділігін көрсетеді.

Эксперименттік зерттеудің алғашқы кезеңінде педагогикалық кикілжінді дәстүрлі мәдениетіндегі жанама шешу тәсілдерін қолданудың көрсеткіштері анықталды.


Зерттеу барысында дәстүрлі мәдениет элементтерінің (мақал-мәтелдер, астарлы сөз, шешендік өнер) студенттердің мінез-құлқын реттеудегі және кикілжінді жағдаяттарды шешудегі психологиялық ерекшеліктеріне баса назар аударылды.

Осы контексте И.П. Хромованың бейімделген әдістемесімен өткізілген сауалнама нәтижелерін (85 респондент: ЭТ – 37, БТ – 48) талдау зерттеудің ғылыми негіздемесін айқындайды.

Анықтаушы эксперимент нәтижелерін тақырып аясында 3 негізгі блокқа бөліп талдадық.

Сауалнаманың «Педагогикалық кикілжіндердің сипаты және олардың оқу үдерісіне деструктивті әсері» деген 1-блогы бойынша нәтижелері келесі диаграммаларда талданды.

Зерттеу мәселесінің өзектілігін И.П. Хромованың әдістеме негізіндегі авторлық бейімделген сауалнаманың 6-ші және 7-ші сұрақтардың жауаптарынан көруге болады. Олар 6-ші және 7-ші сұрақтарының нәтижелері келесі суретте (1-сурет) көрсетілген.



Сурет 1 – И.П. Хромованың әдістеме негізіндегі авторлық бейімделген сауалнаманың 6-ші және 7-ші сұрақтары бойынша нәтижелері


Ұсынылған диаграммалар студенттер мен оқытушылар арасындағы қарым-қатынасқа және туындайтын кикілжіңдердің сипатына қатысты жүргізілген сауалнама нәтижелерін көрсетеді.

6-сұрақ туралы айтсақ, сауалнама нәтижелері оқытушылар мен студенттер арасындағы түсініспеушіліктер мен кикілжіңдердің жиілігі туралы мәселені қамтиды. Мәліметтерге сүйенсек, респонденттердің басым бөлігі, 47,1%-ы, мұндай жағдайлар «өте сирек» болатынын атап өткен. Сонымен қатар, 32,9%-ы кикілжіңдердің «кейде» орын алатынын айтқан. Бұл көрсеткіштер білім беру ортасындағы қарым-қатынастың жалпы алғанда тұрақты және салауатты екенін көрсетеді. Тек аз бөлігі ғана, яғни 15,3%-ы мұндай мәселелердің «мүлде болмайтын» көрсетсе, ең аз пайыз (шамамен 4,7%) жағдайлардың «жиі» болатынын білдірген.

7-сұраққа келетін болсақ, ол кикілжіңдердің оқу үрдісіне тигізетін әсерін бағалауға арналған. Нәтижелері бойынша, ең үлкен топ (35,3%-ы) мұндай жағдайлар студенттердің оқу тапсырмаларын орындауға жұмсалатын күш-жігері мен қарым-қатынасты анықтауға ықпал ететінін атап өткен. Сондай-ақ, 23,5% респондент кикілжіңдер жалпы оқу жұмысын ұйымдастыруды бұзатынын, ал 21,2%-ы керісінше, қақтығыстарды шешудің тиімді жолдарын табуға көмектесетінін алға тартқан. Респонденттердің 20%-ы мұндай жағдайлардың оқу үрдісіне «ешқандай әсер етпейтінін» айтқан.

Қорытындай келе, зерттеу нәтижелері студенттер мен оқытушылар арасындағы кикілжіңдер сирек кездесетінін және олардың оқу үрдісіне әсері біржақты емес екенін көрсетеді. Аталған жағдайлар кейбір жағдайда конструктивті шешімдерге бастаса, басқа тұрғыдан алғанда, оқу үдерісін ұйымдастыруға белгілі бір деңгейде кедергі келтіруі мүмкін.

Келесі диаграммаларда (2-сурет) И.П. Хромованың әдістеме негізіндегі авторлық сауалнаманың 8-ші және 9-ші сұрақтарының нәтижелері талданған.



Сурет 2 - И.П. Хромованың әдістеме негізіндегі авторлық бейімделген сауалнаманың 8-ші және 9-ші сұрақтары бойынша нәтижелері

8-сұрақ бойынша (кикілжіндердің себептері) талдау жасайық. Респонденттердің пікірінше, оқытушы мен студент арасындағы кикілжіндердің негізгі себептері кешенді сипатқа ие. Мәліметтерге сүйенсек, кикілжінді тудыратын басты факторлар ретінде:

«Өзара түсініспеушілік және коммуникация мәселелері» мен «Студенттердің тәртіп бұзуы» ең жоғары көрсеткішке ие: біріншісін зерттелушілердің 65,9%-ы, ал екіншісін 62,4%-ы таңдады. Бұл білім берудегі ақпарат алмасу процесі мен тәртіптік нормалардың үйлесімділігін жетілдіру қажеттілігін көрсетеді.

Сонымен қатар, «Оқытушы мен студент арасындағы көзқарас алшақтығы» (студенттердің 47,1%-ы) және «Оқытушылардың әділ бағаламауы» (қатысушылардың 45,9%-ы) сияқты факторлар да елеулі орын алады. Жалпы, адамдардың жартысына жуығы бұл тармақтарды педагогикалық қақтығыстардың негізгі себептері деп санайды.

«Жеке тұлғалық ерекшеліктер» деген нұсқаны 44,7% студент таңдаса, «Оқытушылардың талаптарының жоғары болуы» деген себепті 40% адам таңдады. Сондай көрсеткіштер осы факторлардың маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Бұл нәтижелер кикілжіннің тек академиялық емес, сонымен қатар психологиялық-педагогикалық факторларға тікелей байланысты екенін айғақтайды.

Студенттердің кикілжіндерді шешуде дәстүрлі мәдениет тәсілдерінің тиімділігі жөніндегі көзқарастары Енді **9-сұрақ** (кикілжінді шешудегі вербалды құралдар) бойынша, оқытушылардың кикілжінді жағдайларды шешу кезінде әзіл, шешендік сөздер мен мақал-мәтелдерді қолдану тәжірибесіне тоқталсақ, нәтижелер орташа деңгейдегі белсенділікті көрсетеді.

Респонденттердің көпшілігі, яғни 57,6% адам оқытушылардың бұл әдістерді «кейде» қолданатынын алға тартады. Тек 10,6%-ы ғана мұндай әдістерді «жиі» қолданады деп санайды, ал 22,4%-ы бұл әдістердің «сирек» қолданылатынын айтқан. Қалған 9,4%-ы оқытушылардың мұндай құралдарға мүлде жүгінбейтінін көрсеткен.

Талдау көрсеткендей, кикілжіндер көбінесе коммуникациялық олқылықтар мен тәртіп мәселелерінен туындайды. Оқытушылардың кикілжінді бәсеңдетуде әзіл немесе көркем сөз сияқты жұмсақ күш (soft power) құралдарын жүйелі түрде емес, тек жағдайға қарай қолдануы, бұл құралдардың әлеуеті толық ашылмай жатқанын аңғартады. Педагогикалық тәжірибеде осындай коммуникативті стратегияларды саналы түрде көбейту кикілжіндерді конструктивті жолмен реттеуге септігін тигізуі мүмкін.

Түсініктірек болу үшін біз 8 сұраққа жауаптар талдауын кесте түрінде де келтірдік (3-кесте).

Кесте 3 – Сауалнаманың «Оқытушылар мен студенттер арасындағы кикілжіндердің басты себептері» деген 8-сұрағы бойынша нәтижелері

Мазмұны	Саны
Оқытушы мен студент арасындағы тиімді қарым-қатынастың жеткіліксіздігі	40 (47,1%)
Өзара түсінбеушілік және коммуникациялық кедергілер	56 (65,9%)
Оқытушылардың әділ бағаламауы немесе субъективті көзқарасы	39 (45,9%)
Студенттердің тәртіп бұзуы немесе академиялық ережелерді сақтамауы	53 (62,4%)
Оқытушылардың талаптарының тым жоғары болуы	34 (40,0%)
Жеке тұлғалық ерекшеліктердің сәйкес келмеуі (мінез, құндылықтар, т.б.)	38 (44,7%)
Эмоционалдық күйзеліс, стресс және психологиялық қысым	26 (30,6%)
Оқытушының педагогикалық шеберлігінің жеткіліксіздігі	8 (9,4%)

И.П. Хромова әдістемесі бойынша бейімделген авторлық сауалнамадағы 8-сұрақ бойынша респонденттерден алынған жауаптарды интерпретациялау барысында мынадай тұжырымдар жасауға болады.

Сауалнамаға 85 респондент жауап беріп, олардың пікірлері студенттер мен оқытушылар арасындағы кикілжіңдік жағдайлардың себептерін анықтауға бағытталған.

1. *Коммуникациялық кедергілер:* Студенттердің 56%-ы оқытушылар мен студенттер арасындағы өзара түсінбеушіліктердің негізгі себебі ретінде коммуникациялық кедергілерді атап өтті. Бұл жауаптар, негізінен, ақпараттың дұрыс жеткізілуі, эмоцияларды білдірудің қиындығы, немесе екі жақтың да көзқарасының сәйкес келмеуі сияқты факторларға байланысты. Бұл мәселе білім беру үрдісінде маңызды орын алады, себебі диалог пен ашық коммуникациясыз тиімді қарым-қатынас орнату мүмкін емес екенін көрсетті.

2. *Студенттердің тәртіп бұзуы:* 53% жауап беруші студенттер өздерінің тәртіп бұзушылықтары немесе академиялық ережелерді сақтамауы кикілжіңдердің қосымша себебі екендігін көрсетті. Бұл жерде студенттердің жауапкершілік деңгейінің төмендігі немесе оқыту үрдісінде белсенділік танытпауы атап көрсетіледі, соның салдарынан оқытушылардың талаптарына сәйкес келмей қалу қаупі туады.


3. *Бағалау мен әділдік:* 39% респондент оқытушылардың әділ бағаламауы немесе субъективті көзқарасы кикілжіңдердің себептерінің бірі ретінде аталды. Бұл параметр оқытушыларға деген сенімділіктің төмендеуіне және оқу үрдісінің нәтижелілігіне теріс әсер етуге алып келеді, себебі студенттер әділ бағалауды алған кезде өзін-өзі бағалау деңгейі, мотивация мен оқу үрдісіне қатысуы артады.

4. *Жеке тұлғалық ерекшеліктер:* 38% студент оқытушы мен студент арасындағы жеке тұлғалық ерекшеліктердің сәйкес келмеуін (мінез, құндылықтар, т.б.) басты себеп ретінде көрсетті. Бұл деректерге сүйене отырып, әр тұлғаның өзара қарым-қатынасында анықталған психологиялық ерекшеліктер, олардың айырмашылықтары мен үйлесімділіктері арасындағы шиеленіс артуы мүмкін екенін айтуға болады.

Бұл факторлар оқу үрдісінде кешенді көзқарасты талап ететін маңызды компоненттер болып табылатынын айғақтайды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, студент үшін оқытушымен арадағы кикілжің — тек академиялық мәселе емес, эмоционалдық-тұлғалық кикілжің де болып табылады. Дәстүрлі мәдениеттегі «сыйластық» иерархиясы бұзылғанда, студенттің психологиялық қорғаныс механизмдері іске қосылып, танымдық (когнитивті) белсенділігі төмендейтінін дәлелдейді.

Енді И.П. Хромованың әдістемесіне негізделген авторлық сауалнамамыздың 10-шы және 11-ші сұрақтарды қарастырайық. Олар сауалнаманың «Тәжірибедегі алшақтық: халықтың дәстүрлі мәдениеті мен қазіргі ЖОО-дағы білім беру жүйесіндегі қарама-қайшылықтар» атты 3-блогына кіреді. Сол сұрақтарға жауаптар астындағы 3-суретте диаграмма түрінде талданған.




Сурет 3 - И.П. Хромованың әдістеме негізіндегі авторлық бейімделген сауалнаманың 10-шы және 11-ші сұрақтарының пайыздық көрсеткіштері

Сауалнаманың 10-шы сұрағының нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің 71,8%-ы кикілжіңді шешуде ізгі әзіл, шешендік сөздер мен мақал-мәтелдердің оң әсер беретініне сенімділік танытты. Бұл — студенттердің, профессор Ф.С. Тәшімованың тұжырымына сәйкес [4], шығыс субъектісіне тән «астарлы тұспалдау жүйесі» туралы тұжырымдамасы біздің зерттеуіміздегі педагогикалық кикілжіңді дәстүрлі мәдениет құралдары арқылы шешудің психологиялық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

Автор атап көрсеткендей, «жанама» әсер ету тәсілдері жеке адамның қасиетіне нұқсан келтірмей, кикілжіңдік жағдаяттарда психологиялық тепе-теңдікті сақтауды қамтамасыз етеді. Бұл «астарлы жүйе» қазақтың дәстүрлі шешендік өнері мен «Қызым саған айтамын, келінім сен тыңда» сияқты мақал-мәтелдерінде көрініс тауып, педагогикалық кикілжіңдерді шешудің ептілік пен бейімділікке негізделген конструктивті моделін қалыптастыруға негіз болатынын көрсетеді.

Сауалнаманың 9-шы және 11-ші сұрақтарында анықталған проблемалық аймақ мақаланың практикалық маңызын арттыра түсті. Сауалнамадан алынған эмпирикалық нәтижелер бойынша студенттердің 57,6%-ы оқытушылардың халық даналығы құралдарын «мүлде қолданбайтынын» немесе «сирек» қолданатыны айтылған. Сонымен қатар, сауалнамада студенттердің жауаптары бойынша оқытушылардың көпшілігі «талапшыл стильді» 54,1%-ы ұстанғанымен, қазақтың этнопсихологиясына тән «сөзбен тоқтату», «астарлап жеткізу» сияқты медиациялық дағдыларды қолданбайтындығы айқындалған. Бұл — оқытушылардың этнопсихологиялық құзыреттілігінің төмендігін және дәстүрлі мәдениет тәсілдерін енгізудің қажеттілігін көрсетеді.

«Кикілжіңді шешудің этнопсихологиялық құралдарына субъективті бағалау» аспекті сауалнаманың «Сіздің ойыңызша, оқытушылар студенттермен қарым-қатынас жасағанда төмендегі халық даналығының үлгілерін қолдану қажет пе?» деген 12-ші сұрағында қарастырылған. Ол өзі бірнеше тармаққа (а, б, в, г, д) бөлінген. 12-ші сұраққа жауаптар талданып келесі дөңгелек диаграммаларда (4-сурет) берілген.



Сурет 4 -- И.П. Хромованың әдістеме негізіндегі авторлық бейімделген сауалнаманың 12-ші сұрақ тармақтарының пайыздық көрсеткіштері

Ескертіп айта кетсек, суретте сұрақ бөліктерінен бестен үші ғана берілген. 12-сұрақ бойынша нәтижелер кесте түрінде салыстырмалы түрде талдау өтті. Ол 4-кестеде көрсетілген.

Кесте 4 – Сауалнаманың 12-ші сұрағы бойынша нәтижелерді

Құрал түрі	«Иә» (Қажет)	Кейбір жағдайларда	«Жоқ» (Қажет емес)
Нақыл сөздер	49,4%	40,0%	10,6%
Мақал-мәтелдер	34,1%	52,9%	12,9%
Шешендік сөздер, әзіл	32,9%	56,5%	10,6%
Астарлап сөйлеу	35,3%	49,4%	15,3%
Аңыз-әңгімелер	25,9%	44,7%	29,4%

12-ші сұрақ бойынша студенттердің таңдаған құралдары зерттеуіміздің әдістемелік негіздеріне сәйкес, нақыл сөздер 49,4%-ды қамтып, ал астарлап сөйлеу де 49,4%-ды құрады. Студенттер тікелей агрессиядан гөрі, «жанама тәсілді» дұрыс деп қабылдаған.

Оқытушы мақал немесе астарлы сөз қолданғанда, студенттің жекедара тұлғалық шекарасына тимей, оның кінәсін жанама түрде түсіндіруі зерттеудің психологиялық ерекшелігін айқындай түсті. Бұл — педагогикалық қарым-қатынастағы «субъект-субъектілік» парадигманы және С.М. Жақыповтың «бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекет» тұжырымдамасындағы негізгі идеяға сәйкес келіп, дәстүрлі мәдениет арқылы кикілжіңдерді конструктивті шешу тәсілдерін жүзеге асырудың жолын көрсетеді [19].

Мақаладағы эмпирикалық зерттеу педагогикалық және педагогикалық емес мамандықтарда оқитын студенттердің педагогикалық кикілжіңдерді дәстүрлі мәдениет тәсілдері арқылы шешу стратегияларын салыстыруға бағытталғандықтан, таңдамалар көлемі әртүрлі ($n_1 = 37$ және $n_2 = 48$) және өлшемдер (жанама тәсілдерді қолдану жиілігі) реттік шкала болатынын ескере отырып, біз Стьюденттің t-критерийін қолдандық. Бізбен эмпирикалық зерттеу мәселесіне байланысты сатистикалық болжамдары да құрылды.

Төмендегі 5-кестеде SPSS бағдарламасындағы тәуелсіз таңдамаларға арналған t-критерийі бойынша нәтижелерді есептеу матрицасы көрсетілген.

Кесте 5 – Зерттелуші топтардың дәстүрлі жанама тәсілдерді қолдануды есептеу көрсеткіштері

Топтар	N	Орта мән (M)	Стандартты ауытқу (SD)	t-мәні	Еркін дәреже (df)	Маңыздылық (p-level)
Педагогикалық мамандық	37	18,45	3,12	2,64	83	0,01
Педагогикалық емес мамандық	48	15.12	4.05	-	-	-

Осы статистикалық талдау нәтижесі бойынша келесі қорытынды жасалды. Алынған $p \leq 0,01$ мәні критикалық деңгейден ($p \geq 0,05$) кіші болғандықтан H_0 - нөльдік болжамын теріске шығаруға және H_1 - жұмыс болжамды қабылдауға негіз болды. Педагогикалық мамандық студенттерінің орта мәні $M=18,45$ –ке тең педагогикалық емес мамандық студенттерінің көрсеткішінен $M = 15,12$ – ден жоғары.

Алынған нәтижелер бойынша педагогикалық және педагогикалық емес мамандық студенттері өзара қарым-қатынас барысында кикілжіңді басқарудың теориялық негіздерін әлі де толық меңгермеседе, олар тікелей агрессиядан гөрі педагогикалық кикілжіңдерді шешуде жанама тәсілдерді қарым-қатынас барысында қолдану тиімділігіне баса назар аударды.

Сонымен эмпирикалық зерттеу нәтижелері көрсеткендей, эксперименттік топ пен бақылау тобы арасында статистикалық мәнді айырмашылық байқалды. Педагогикалық кикілжіңдерді дәстүрлі мәдениет тәсілдері арқылы шешу болашақ мамандардың педагогикалық кикілжіңдерді конструктивті шешуге және ұлт субъектісі ретінде өзін-өзі танытуына, тұлғалық дамуына оң әсер етеді деп айтуға толық негіз бар.

Осылайша, анықтаушы эксперимент көрсеткендей, ЖОО-да педагогикалық кикілжіңдерді шешудің психологиялық резерві — дәстүрлі мәдениет құралдарында жатыр. Студенттер этнопсихологиялық тұрғыдан бұл тәсілдерді қабылдауға дайын (71,8%), бірақ оқытушылар тарапынан бұл әлеует пайдаланылмай отыр. Бұл жағдай біздің зерттеуіміздің аясында дәстүрлі мәдениет тәсілдерін қолданудың психологиялық моделін жасаудың өзектілігін толықтай негіздейді.

Қорытынды Жүргізілген теориялық-эмпирикалық зерттеу нәтижелері ЖОО-дағы педагогикалық кикілжіңдерді шешудің психологиялық ерекшеліктерін дәстүрлі мәдениет

контекстінде қарастырудың ғылыми маңыздылығын айқындап, келесідей қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1. *Кикілжіңнің деструктивті сипаты мен когнитивті әсері*: Анықтаушы эксперимент көрсеткендей, студенттердің басым бөлігі 65,9% педагогикалық кикілжіңнің негізгі детерминанты ретінде «өзара түсінбеушілікті» қарастырады. Кикілжіңдік шиеленіс жағдайында студенттердің назары оқу іс-әрекетінен эмоционалдық қарым-қатынасты анықтауға ауысып 35,3%, бұл танымдық белсенділіктің төмендеуіне және психологиялық қорғаныс механизмдерінің күшеюіне әкеледі.

2. *Дәстүрлі мәдениет құралдарының психологиялық әлеуеті*: Зерттеу барысында студенттердің басым көпшілігі 71,8% педагогикалық кикілжіңді дәстүрлі мәдениеттегі жанама тәсілдерді қолдану арқылы шешуде халық даналығы, шешендік сөздер мен астарлы сөйлеу тәсілдерінің тиімділігін мойындады. Бұл Ф.С. Тәшімованың «астарлы тұспалдау жүйесі» [4]. мен М.М. Мұқановтың [3] дәстүрлі ойлау арқылы «логикалық қателіктерді» түзету тұжырымдамаларына сәйкес, ұлттық мәдени кодтардың кикілжіңді конструктивті шешудегі қуатты психологиялық резерв екенін дәлелдейді.

3. *Тәжірибелік алшақтық және этнопсихологиялық құзыреттілік*: Эмпирикалық деректер оқытушылардың басым бөлігі 54,1% -ында қатаң талапшыл стильді ұстанып, медиациялық дағдыларды (астарлап жеткізу, сөзбен тоқтату) жеткілікті деңгейде қолданбайтынын ашты. Оқытушылардың этнопсихологиялық құзыреттілігінің төмендігі мен студенттердің бұл тәсілдерді қабылдауға дайындығы арасындағы алшақтық диссертациялық зерттеу аясында ұсынылып отырған психологиялық модельдің қажеттілігін негіздейді.

4. *«Субъект-субъектілік» қатынасты қалпына келтіру*: Астарлап сөйлеу мен нақыл сөздерді қолдану 49,4%-ында студенттің тұлғалық шекарасын сақтай отырып, оның ішкі рефлексиясын іске қосады. Бұл С.Қ. Бердібаева атап көрсеткен этикалық нормаларды қалпына келтіруге және С.М. Жакыповтың «бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекет» теориясы аясында оқытушы мен студенттің конструктивті серіктестігін орнатуға мүмкіндік береді.

Түйіндеп айтқанда, зерттеуіміздің нәтижелері көрсеткендей, ЖОО-дағы педагогикалық кикілжіңдерді дәстүрлі мәдениет тәсілдері арқылы шешу — білім беру ортасындағы психологиялық ахуалды сауықтырудың, студенттің тұлғалық қадір-қасиетін сақтаудың және оқу үдерісінің тиімділігін арттырудың пәрменді құралы болып табылады. Алынған нәтижелер жоғары мектеп оқытушыларының этнопсихологиялық құзыреттілігі негізінде кәсіби-психологиялық даярлығын жетілдіруге бағытталған практикалық ұсыныстарды әзірлеуге негіз бола алады.

Әдебиеттер

1. Хромова И.П. Психологические особенности разрешения педагогических проблемных ситуаций в вузе средствами народной мудрости: дисс. канд. психол. наук. –Тамбов, 2009. 196 с.
2. Муқанов М.М. О казахском устном творчестве: пословицах в их отношении в трактовке интеллектуальной деятельности. / В сб. Генетические и социальные проблемы интеллектуальной деятельности. / Под.ред. М.М.Муқановой. Алма-ата: Психология. Выпуск 4., 1975. – с 87-102.
3. Муқанов М.М. Исследование когнитивной эмпатии и рефлексии у представителей традиционных культур / Исследование рече-мысли и рефлексии. –Алма-Ата, 1979 С. 3—12.
4. Ташимова Ф.С. Детерминанты формирования субъективности в культуре Востока. // Суверенный Казахстан: проблемы и поиски. –Екатеринбург, 2015. – С. 32-46.
5. Бердібаева С.Қ. Адамның шығармашылық іс-әрекетінің этнопсихологиялық ерекшеліктері (шығармашылық сөз жарысы мысалында): Психология ғылымдарының докт. автореф. – Алматы, 2005. – 42 б.
6. Бердібаева С.Қ. Қуаналиева М.А. Кикілжің түрлері мен оны шешу тәсілдерін зерттеудің

теориялық мәселелері // ҚазҰУ хабаршысы. Психология және социология сериясы.- 2008. - №3 (30). - 5-8 б.

7. Аманова И.К. Тұлғаның өзін-өзі таныту ерекшеліктерінің этномәдени сәйкестілікке тәуелділігі: психол. ғыл. канд.дисс. авторефаты. - Алматы, 2004. - 32 б.

8. Аманова И.К. Қуаналиева М.А. Өзін-өзі танытатын тұлғаның шиеленісті жағдайларды шешу ерекшеліктері // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. - Алматы, 2010. - № 3. - 56-58 бет.

9. Thomas K.W., Kilmann R.H. Conflict Mode Instrument. – NY: Xicom, 1974. – 48 p.

10. Deutsch M. The Resolution of Conflict: Constructive and Destructive Processes. – New Haven: Yale University Press, 1973. – 448 p.

11. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект / Перевод с англ. А. Исаевой. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2013. – 560 с.

12. Hofstede G. Culture's Consequences: Comparing Values, Behaviors, Institutions and Organizations Across Nations. – Sage Publications, 2001. – 596 p.

13. Akbulut, D.V. The influence of culture and context on conflict management preferences of academics in higher education institutions // YOK THESIS CENTER. – 2019.–175 s. - URL: <https://doi.org/10.13140/RG.2.2.23896.44802>

14. Анцупов А.Я., Шипилов А.И. Конфликтология: Учебник для вузов. – М.: ЮНИТИ, 2015. – 591 с.

15. Гришина Н.В. Психология конфликта. - СПб.: "Питер" 2021. – 349 с.

16. Ломов Б.Ф. Методологические и теоретические проблемы психологии / Б. Ф. Ломов. – Москва : Директ-Медиа, 2008. – 1174 с.

17. Рыбакова М.М. Конфликт и взаимодействие в педагогическом үрдісе. – М.: Просвещение, 1991. – 128 с.

18. Хасан Б.И. Психология конфликта и переговоров. – М.: Академия, 2003. – 192 с.

19. Джакупов С.М. Совместно-диалогическая познавательная деятельность – основа эффективности процесса обучения / В кн. С.М. Джакупов С.М. Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения: Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 231с.

References

1. Khromova I.P. Psikhologicheskie osobennosti razresheniya pedagogicheskikh problemnykh situatsiy v vuze sredstvami narodnoy mudrosti [Psychological features of resolving pedagogical problem situations at a university by means of folk wisdom]: diss. kand. psikhol. nauk. – Tambov, 2009. – 196 s.

2. Mukanov M.M. O kazakhskom ustnom tvorchestve: poslovitsakh v ikh otnoshenii v traktovke intellektual'noy deyatel'nosti [On Kazakh oral folklore: proverbs in their relation to the interpretation of intellectual activity]. In: Geneticheskie i sotsial'nye problemy intellektual'noy deyatel'nosti [Genetic and social problems of intellectual activity]. Ed. M.M. Mukanova. Alma-Ata: Psikhologiya, Issue 4, 1975. – P. 87–102.

3. Mukanov M.M. Issledovanie kognitivnoy empatii i refleksii u predstaviteley traditsionnykh kul'tur [Study of cognitive empathy and reflection among representatives of traditional cultures]. Issledovanie reche-mysli i refleksii [Study of speech-thinking and reflection]. – Alma-Ata, 1979. – P. 3–12.

4. Tashimova F.S. Determinanty formirovaniya sub'ektivnosti v kul'ture Vostoka [Determinants of subjectivity formation in Eastern culture]. Suverennyy Kazakhstan: problemy i poiski [Sovereign Kazakhstan: problems and searches]. – Ekaterinburg, 2015. – P. 32–46.

5. Berdibaeva S.K. *Adamnyn shygarmashylyk is-areketinin etnopsikhologiyalyk erekshelikteri (shygarmashylyk soz zharysy mysalynda) [Ethnopsychological features of human creative activity (on the example of creative verbal competition)]*: Psikhologiya gylymdarynyn dokt. avtoref. – Almaty, 2005. – 42 b.
6. Berdibaeva S.K., Kuanalieva M.A. *Kikilzhin turleri men ony sheshu tasilderin zertteudin teoriyalyk maseleleri [Theoretical issues in studying types of conflicts and ways of resolving them]*. KazNU Khabarshysy. Psikhologiya zhane sotsiologiya seriyasy – KazNU Bulletin. Psychology and Sociology Series. 2008. No. 3 (30). – P. 5–8.
7. Amanova I.K. *Tulganyн ozin-ozі tanytu erekshelikterinin etnomadeni saikestilikke taueldiligi [Dependence of personality self-presentation features on ethnocultural identity]*: psikholog. gyl. kand. diss. avtoref. – Almaty, 2004. – 32 b.
8. Amanova I.K., Kuanalieva M.A. *Ozin-ozі tanytatyn tulganyн shielenisti zhagdaylardy sheshu erekshelikteri [Features of resolving conflict situations by a self-actualizing personality]*. Abai atyndagy KazNPU Khabarshysy [Bulletin of Abai KazNPU]. – Almaty, 2010. – No. 3. – P. 56–58.
9. Thomas K.W., Kilmann R.H. *Conflict Mode Instrument*. – New York: Xicom, 1974. – 48 p.
10. Deutsch M. *The Resolution of Conflict: Constructive and Destructive Processes*. – New Haven: Yale University Press, 1973. – 448 p.
11. Goulman D. *Emotsional'nyy intellekt [Emotional Intelligence]*. Trans. from English by A. Isaeva. – Moscow: Mann, Ivanov i Ferber, 2013. – 560 s.
12. Hofstede G. *Culture's Consequences: Comparing Values, Behaviors, Institutions and Organizations Across Nations*. – Sage Publications, 2001. – 596 p.
13. Akbulut D.V. *The influence of culture and context on conflict management preferences of academics in higher education institutions*. YOK Thesis Center. – 2019. – 175 p. URL: <https://doi.org/10.13140/RG.2.2.23896.44802>
14. Antsupov A.Ya., Shipilov A.I. *Konfliktologiya: Uchebnik dlya vuzov [Conflictology: Textbook for universities]*. – Moscow: YuNITI, 2015. – 591 s.
15. Grishina N.V. *Psikhologiya konflikta [Psychology of conflict]*. – Saint Petersburg: Piter, 2021. – 349 s.
16. Lomov B.F. *Metodologicheskie i teoreticheskie problemy psikhologii [Methodological and theoretical problems of psychology]*. – Moscow: Direkt-Media, 2008. – 1174 s.
17. Rybakova M.M. *Konflikt i vzaimodeystvie v pedagogicheskom urdisе [Conflict and interaction in the pedagogical process]*. – Moscow: Prosveshchenie, 1991. – 128 s.
18. Khasan B.I. *Psikhologiya konflikta i peregovorov [Psychology of conflict and negotiations]*. – Moscow: Akademiya, 2003. – 192 s.
19. Dzhakupov S.M. *Sovmestno-dialogicheskaya poznavatel'naya deyatel'nost' – osnova effektivnosti protsessа obucheniya [Joint dialogical cognitive activity as the basis for the effectiveness of the learning process]*. In: Dzhakupov S.M. *Upravlenie poznavatel'noy deyatel'nost'yu studentov v protsesse obucheniya: Uchebnoe posobie [Management of students' cognitive activity in the learning process: textbook]*. – Almaty: Kazak universiteti, 2002. – 231 s.

Авторлар туралы мәліметтер:

Қуанәлі Майіра Айтқожақызы – хат-хабар авторы, психология магистрі, «Психология» мамандығының І курс докторанты, Тұран университеті, Алматы, Қазақстан; email: Kuanalieva72@mail.ru; 23242580@turan-edu.kz

Сангилбаев Оспан Сейдуллаевич – психология ғылымдарының докторы, профессор, Психология жоғары мектебі, Тұран университеті, Алматы, Қазақстан; email: o.sangylbayev@turan-edu.kz

Миркенова Гульмира Кубеновна – педагогика магистрі, Мемлекеттік және шет тілдері кафедрасы, Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан; email: mirkenova@inbox.ru